

1-тур
4-сынып «Әу, баста!»

№1 Таразының сол жағында салмағы 5 кг текше, ал оң жағында салмағы 13 келі болады. Тепе-теңдікті сақтау үшін сол жағына қандай масса салу керек?

№2 Ағаштың бір бөлігінің ұзындығы 40 см-ге тең. Оны 3 бөлікке кесті.

Бөліктердің ұзындығы (см)

2x-5

X+7

X+6

Ең ұзын бөліктің ұзындығы неге тең?

№3 Тау Кит шоқжұлдызындағы Урап планетасында 100 ғалым қатысқан математикалық конференция өтті. Егер олардың ішіндегі кез-келген 5 ғалымның біреуі академик екендігі белгілі болса, осы конференцияға қанша академик қатысуы мүмкін?

№4 Тік аллея бойында арақашықтығы 4 метрге тең шиіе ағаштары өседі. Егер 1-ші ағаштан соңғы ағашқа дейін 48 метр жүрген адам әрбір ағаштан екі шиіеден жұлып алатын болса, қанша дана шиіе жинауға болады?

№5 Көпбалалы отбасында 7 бала алманы, 6 бала өрікті, ал 5 бала жүзімді жақсы көреді. Олардың төртеуі алманы да, өрікті де жақсы көреді. 3 бала алма мен жүзімді, ал 2 бала өрік пен жүзімді жақсы көреді екен. Барлық балалардың ішінде біреуі ғана алма, өрік және жүзімнің барлығын бірдей жақсы көреді. Отбасында барлығы қанша бала бар?

1-тур
4-сынып «Әу, баста!»

№1

Дескриптор:

- таразы тепе-теңдікті сақтау үшін сол жағына қандай масса салу керектігін анықтайды;

№2

Дескриптор:- ең ұзын бөліктің ұзындығын есептейді;

№3

Дескриптор:- конференцияға қатысатын академикті анықтайды;

№4

Дескриптор:

-аралық санын табады;

-ағаш санын тауып, екі шиеге көбейтеді;

№5

Дескриптор:- отбасындағы барлық бала санын анықтайды;